



ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГІ

Дайындық бағыты бойынша білім алушыларға арналған 8D072 Өндірістік және өңдеу салалары

БББТ: D111 - «Азық-түлік өнімдерінің өндірісі»

БББ: 8D07201 - «Тамақ өнімдерінің технологиясы»

Оқыту түрі: Күндізгі (докторантура ғ-п 3 жыл) семестр

Компонент: Таңдау компоненті

Дайындық деңгейі: Докторантура бағыттары бойынша (ғылыми-педагогикалық)


Білім беру бағдарламасының элективті пәндерінің қысқаша сипаттамасы

Пәннің аты	Пәннің коды	Пәннің циклы	Кредит саны	Курс	Академиялық кезең	Пререквизиттер	Постреквизиттер	Пәннің қысқаша мазмұны	Оқу нәтижесі	Балама пәннің атауы
Құрама өнімдерді жасаудың ғылыми негіздері	NOSKP 7201	БП	3.0	1	1	Тамақ өнімдері өндірісінің ғылыми негіздері, Азық-түлік өнімдерінің жана түрлерінің рецептураларын әзірлеу принциптері	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Сапалық және сандық көрсеткіштердің берілген жиынтығымен күрделі көпкомпонентті өнімдердің технологиясын зерттеу және әзірлеу. Биохимиялық және ферменттік-микробиологиялық процестердің негізгі заңдылықтары. Олардың тағам өнімдерінің сапалық сипаттамаларына әсері, жануарлар мен өсімдік тектес шикізаттың биотехнологиялық потенциалы. Оның қасиеттерінен тұратын құрамнан өнімдерді алуға бағытталған әдістері.	Тамақ өнімдері саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша қортынды шығарады және ұсынымдар береді	Өсімдік шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің ғылыми аспектілері
Өсімдік шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеудің ғылыми аспектілері	NAPPR 7201	БП	3.0	1	1	Тамақ өнімдері өндірісінің ғылыми негіздері, Өсімдік шикізаттарын терең өңдеудің және биоотын өндірісінің перспективті технологиялары	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Теориялық мәселелерді қарастыра отырып, тамақ, крахмал және спиртті өнімдерді өндіруде, өсімдік шаруашылығы өнімдерін тиімді өңдеудің технологиялық негіздері. Осы өндіруші салалардың негізгі ғылыми басым бағыттары туралы ілімдер қалыптастыру.	Тамақ өнімдері саласындағы ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша қортынды шығарады және ұсынымдар береді	Құрама өнімдерді жасаудың ғылыми негіздері
Тамақ және қайта өңдеу өндірістеріндегі ресурс үнемдеу технологиялары	RTPPP 7302	БеП	3.0	1	1	Ет және сүт өнімдерін өндірудің қалдықсыз технологиялары, Ет және сүт өнімдері өндірісінің заманауи технологиялары, Өсімдік шикізаттарын терең өңдеудің және биоотын өндірісінің перспективті технологиялары	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Тамақ өнімдерін өңдеу және өндіру кезінде ресурсты үнемдеуді қамтамасыз ететін заманауи әдістер мен технологияларды зерттеу. Қалдықсыз және аз қалдықсыз технологияларды қолдана отырып, ресурс үнемдеуге талдау және жүйелі көзқарас жүргізіледі. Тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі қалдықтарының рециклинг мәселелері қарастырылады.	Ғылыми технологиялардың жаһандануы жағдайында отандық ғылымның дамуының заманауи бағыттары мен заңдылықтарын білед. Өнімдер өндірісінің қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру үшін барынша негізделген инновациялық шешімдерді талдайды және қолданады	Тағам өнімдерін өңдеудің заманауи физикалық және электрофизикалық әдістері
Тағам өнімдерін өңдеудің заманауи физикалық және электрофизикалық әдістері	SFEMOP P 7302	БеП	3.0	1	1	Тамақ өндірісінің заманауи құрал-жабдықтары, Өсімдік шикізаттарын терең өңдеудің және биоотын өндірісінің перспективті технологиялары	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Тамақ өнімдерін өңдеудің физикалық және электрофизикалық әдістерін, шикізатты өңдеу режимдерін, параметрлерін зерттеу және қолдану. Тамақ өнімдерін өңдеудің инновациялық технологиялық сұлбалары. Тамақ өнеркәсібі кәсіпорындарында электрофизикалық өңдеу әдістерін қолдану нәтижесінде шикізат шығындарын азайтудың инновациялық технологиялары.	Өнімдер өндірісінің қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру үшін барынша негізделген инновациялық шешімдерді талдайды және қолданады	Тамақ және қайта өңдеу өндірістеріндегі ресурс үнемдеу технологиялары

Тағам технологияларының теориясы	TPT 7205	БП	3.0	1	1	Тамақ өнімдері өндірісінің ғылыми негіздері, Тамақ өнімдері өндірісінің процестерін модельдеу, Ет және сүт өнімдері өндірісінің заманауи технологиялары	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Тамақ өнімдерінің технологиясын жетілдірудің әдістемелік тәсілдерін, функционалдық өнімдерді жобалаудың заманауи аспектілерін зерттеу. Соңғы онжылдықта дамыған инновациялық ғылымды қажет ететін технологиялармен танысу. Тамақ өндірісінің механикалық, гидромеханикалық, жылу-масса алмасу және биотехнологиялық процестер теориясының қазіргі заманғы тұжырымдамалары. Тағамдық технологиядағы жетекші процестердің жалпыланған және жүйеленген идеялары.	Азық-түлік өнімдерінің технологиясын жетілдіруге әдістемелік тәсілдерді ұсынады	Жануар және өсімдік тектес шикізаттан ББЗ және ББҚ алудың азық технологиялары
Жануар және өсімдік тектес шикізаттан ББЗ және ББҚ алудың азық технологиялары	PTPBVIS ZhRP 7205	БП	3.0	1	1	Тамақ өнімдері өндірісінің ғылыми негіздері, Тамақ өнімдері өндірісінің процестерін модельдеу, Ет және сүт өнімдері өндірісінің заманауи технологиялары	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Тағамдық қоспалар мен биологиялық белсенді заттарды өндіру биотехнологиясын зерттеу және меңгеру. Органикалық синтезге негізделген тағамдық биологиялық белсенді заттарды (өсімдік, жануар және микробиологиялық шикізаттан) алу әдістері. Тағамдық қоспалардың, биологиялық белсенді заттардың жіктелуі және қасиеттері. Тағамдық қоспалардың физика-химиялық қасиеттері мен биологиялық қызметі. Өсімдік және жануар тектес тағамдық ақуыз препараттары.	Өнімдер өндірісінің қауіпсіздігі мен тиімділігін арттыру үшін барынша негізделген инновациялық шешімдерді талдайды және қолданады	Тағам технологияларының теориясы
Тамақ және қайта өңдеу өндірістеріндегі нанотехнологиялар	NPPP 7303	БП	3.0	1	1	Тамақ өнімдері өндірісінің ғылыми негіздері, Тамақ өнімдері өндірісінің процестерін модельдеу, Ет және сүт өнімдерін өндірудің қалдықсыз технологиялары	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Нанотехнологияның дамуының тарихи аспектілері, негізгі терминдері мен анықтамалары, нанотехнология негіздері, нанозффектілерді және нанокұрылым түрлері. Оларды өндіру әдістері мен шикізатты өңдеудің нанотехнология негіздері және оларды тамақ өнімдерін өндіруде пайдалану. Тамақ өнімдерінде нанокұрылымды материалдарды қолдану бағыттары мен ғылыми әзірлемелері және қолдану мысалдары.	Ғылыми технологиялардың жаһандануы жағдайында отандық ғылымның дамуының заманауи бағыттары мен заңдылықтарын білед	Биоинженерлік технологиялар, Ғылым және өнеркәсіптегі цифрлық технологиялар
Ғылым және өнеркәсіптегі цифрлық технологиялар	CTNP 7303	БП	3.0	1	1	Тамақ өнімдері өндірісінің процестерін модельдеу, Өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеудің инновациялық технологиялары	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, шикізат-тұтынушы жүйесіне цифрлық технологияларды қолдану. Көлемді деректерді (Big data) жинау, өңдеу және талдау, құралдарын әзірлеу және енгізу. Ғылыми зерттеулерді біріктіру үшін Блокчейн (Blockchain) технологиясын пайдалана отырып, бірыңғай таратылған мәліметтер базасын әзірлеу және енгізу.	Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, тамақ өнімдерінің технологиясы саласында ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады	Биоинженерлік технологиялар, Тамақ және қайта өңдеу өндірістеріндегі нанотехнологиялар
Биоинженерлік технологиялар	BT 7303	БП	3.0	1	1	Тамақ өндірісінің биотехнологиялық негіздері, Ет және сүт өнімдерін өндірудің қалдықсыз технологиялары	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Биология ғылымдарының, инженерлік ғылымдардың және технологиялардың жетістіктерін қолдану арқылы жоғары технологиялық өнімдерді өндіруде жүзеге асырыла алатын пәнаралық саланың негізгі теориялық ережелерін меңгеру. Құны жоғарылатылған өнімдер алынатын заттардың биосинтезделуі мен биотрансформациялануының зерттеулері мен процестеріндегі микроағзалар мен басқа биокатализаторларды пайдалану әдістері мен мүмкіндіктері туралы білімдерін қалыптастыру.	Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, тамақ өнімдерінің технологиясы саласында ғылыми-зерттеу қызметін жүзеге асырады	Ғылым және өнеркәсіптегі цифрлық технологиялар, Тамақ және қайта өңдеу өндірістеріндегі нанотехнологиялар
Ғылыми нәтижелерді математикалық өңдеу әдістемесі	MMONR 7304	БП	3.0	1	1	Тамақ өнімдері өндірісінің процестерін модельдеу, Шикізатты терең өңдеу өнімдері және биоотын өндірісінің техникалық жүйелері	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Жоспарлауды жүзеге асыратын ғылыми нәтижелерді математикалық басқарудың бастапқы үлгілерімен танысу. Тамақ өнімдерінің технологиясы саласындағы ғылыми-техникалық мәселелерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін ғылыми нәтижелерді өңдеудің заманауи әдістерін қолдана отырып зерттеулер жүргізу жолдары.	Кәсіби қызмет саласының міндеттерін шешуде технологияларды, ғылыми зерттеулерді және идеяларды коммерцияландыруды басқаруға қабілетті	Инновациялық технологияларды коммерциализациялау

Инновациялық технологияларды коммерциализациялау	KIT 7304	БөП	3.0	1	1	Ауыл шаруашылық өнімдерін өңдеу және сақтау кәсіпорындарындағы бизнесті жоспарлау	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, докторлық диссертацияны орындаумен қоса, Зерттеу практикасы	Инновациялық жобаларды коммерцияландыру тұжырымдамасымен танысу және әлеуетті сұранысты бағалау. Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелердің нәтижелерін коммерцияландыру негіздерін оқу. Инновациялық технологияларды кәсіптік коммерцияландырудың әдістері мен технологиялық әдістері. Сонымен қатар инновациялық технологияларды коммерциялан-дыруда маркетингтік коммуникация әдістерін қарастыру. Инновациялық шешімдерді коммерциялан-дыру процесінде зияткерлік меншікті қорғауды ұйымдастыру. Инновациялық әзірлемелерді коммерцияландыру процестерінде қауіпсіздікті ұйымдастыру	Кәсіби қызмет саласының міндеттерін шешуде технологияларды, ғылыми зерттеулерді және идеяларды коммерцияландыруды басқаруға қабілетті	Ғылыми нәтижелерді математикалық өңдеу әдістемесі
--	----------	-----	-----	---	---	---	---	--	---	---

Элективті пәндер каталогы Техникалық факультетінің кеңесінде № 16. 21.06.2024 хаттамасымен бекітілген

"Тамақ және қайта өңдеу өндірістерінің технологиясы" кафедрасының меңгерушісі  М.М. Какимов